

## АБАЙ МҰРАСЫН ТУРИСТЕРГЕ ТАНЫСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Исаева Айым Маратовна**

[Isaevaa.aiym@mail.ru](mailto:Isaevaa.aiym@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі мамандығының студенті, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-Абдраманова Г.К.

Егеменді ел болып, тәуелсіздік туын биік көтерген қазақ елінің бүгінгі таңдағы алдына қойған мақсаты — дамыған өркениетті ел қатарына қосылу. Бұл мақсатқа жетудің бір жолы — қай сала болса да барынша еңбек етіп, қазақтың материалдық, рухани байлықтарын әлемге танытуға әрекет жасау.

Өсіп келе жатқан жас ұрпаққа терең біліммен бірге өзінің атақонысының табиғатын, өзен, көлін, тауы мен сахарасын танып білуде туризмнің атқарар рөлі ерекше. Табиғат – ананы жақсы білген баланың бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілік молынан қалыптасып, отаншылдық рухы жоғары болады деп ойлаймын.

Семей өңірі – қазақ тарихындағы киелі өлкенің бірі. Сондықтан елдің рухани дамуында ерекше орны бар Семей қаласын тарихи орталық ретінде белгілеген жөн. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің кіндік қаны тамған өңір бүкіл қазақ халқы үшін киелі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев "Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан" атты мақаласында: «Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз.

Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады. Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.

Ең алдымен Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның брендті ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы», - деп атап көрсетті [1].

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

Киелі Ұлылар мекенінде туристерге көрсететін тарихи-мәдени орындар баршылық. Соның бірі де бірегейі ұлы ақын Абай Құнанбайұлының Семей қаласындағы музей-үйі.

Абайдың әдеби-мемориалдық музейі ұлы ақынның туғанына 95 жыл толу мерекесі қарсаңында Қазақ ССР Халық Комиссарлар кеңесінің 1940 жылғы 1 сәуірдегі қаулысы бойынша ұйымдастырылып, сол жылы қазан айының 16 күні ашылды.

Қалалық кешен құрамына: Мәңгілік ел көшесі, 12 үйде орналасқан көпес үйі, 1995 жылы салынған күмбезді ғимарат, 1993 жылы кешен аймағына көшірілген Ахмет Риза медресе-мешіті, музейдің әкімшілік үйі кіреді.



Абай музей үйі, Семей қаласы

Бөрілі-жер өңірі және елді мекеннің байырғы атаулар аты. Ондағы М. Әуезов музейінің алдындағы төбеде «Мұңлы қоңыр туған анам, туған жерім Бөрілі» деген жазу үлкен тасқа қашалған[2]. XIX ғасырдың соңғы ширегінен бері Абай мен Әуез арасындағы келісім-ұйғарыммен Әуез әулетіне қараған. Абай заманынан бері Әуез әулетінің ата қоныс-қыстауы. Шыңғыстағы Қызылшоқыдан көшіп келіп орналасқан. Жол бұрылысында музей-үйге бағыттамалық белгі-ескерткіштен (ашулы кітап кескін үлгісіндегі) басталады. 1987 жылы қыркүйекте облыстық тарих-өлкетану музейінің бөлімі ретінде ресми түрде музей болып ашылды. Ғимарат 8 бөлмеден тұрады. Музейдің аумағы үлкен және темір шарбақпен қоршалған, көгалдандырылған.



Бөрілідегі музей-үй

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы аясында елімізде талай игі шаралар атқарылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен хакімнің өзі насихаттағандай, мерейтойда бос ысырапшылыққа жол берілмеді. Бұл ретте, ұлы ақынның кіндік қаны тамған жер – Сырт Қасқабұлақ та назардан тыс қалған жоқ. Бұл киелі орын-Қасқабұлақ хақында сез етпес бұрын Сарыадыр жотасына тоқтамасқа болмайды[3]. Абай Құнанбайұлы дүниеге келген бұл мекен ұзақ жылдар бойы елеусіз, ескерусіз қалған еді. 2019 жылы Абай аудандық Мәдениет үйінің балансына алынған. Қазірде хакім су ішкен бұлақ басы толығымен абаттандырылып, адам танымастай өзгерді. Шырша, шынар ағаштары отырғызылып, Абай домбырасының пішінінде заман талабына сай жасалған нысан басында ақынның ұлағатты 45 сөзі жазылған мәрмәр тастар қойылды. «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деген стелла тұрғызылған. Сондай-ақ Сырт Қасқабұлаққа кіреберістегі 1,7 шақырымдық жолға асфальт төселді.

Мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді дәріптеу, ішкі туризмді дамыту мақсатында этноауыл мәдени кешенін салу жұмыстары да қолға алынған. Аллея салынып, құдық қайта жаңартылды. Осылайша бұл жер келушілерге рухани демалыс сыйлайтын орынға айналды. Аңыз бойынша, Сырт Қасқабұлақтағы құдық суының қасиеті бар. Мұнда дала рухынан нәр алып, Абайдай дара тұлғаны сыйлаған киелі жердің құдіретін сезінгісі келетіндер келеді. Жолай өтіп бара жатқандар құдық басына арнайы тоқтап, құран оқып, су алады.



«Туғанда дүние есігін ашады өлең» стелласы

Қазақтың бас ақыны, ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтың Жидебайдағы музей-үйі Семей қаласынан 180 шақырымдай жердегі Абай ауданында орналасқан. Абайдың ата қонысындай болған туған жері Шыңғыстау етегіндегі Қарауыл өзенінің бойында жатқан шағын ғана қырат еді. Бүгінде бұл өлке Абай ауданының орталығы Қарауылдың іргесі. Жидебай жерінде ұлы ақынның қыстауы мен тұрған үйі орналасқан. Бұл жерге келген әрбір қонақтар мен туристер ақынның заманынан жеткен құнды жәдігерлер мен тарихи деректерге қанық болады[4].



Абайдың ата қонысы,жері шұрайлы, малға жайлы Жидебай өлкесі

Туризм саласы тек қана табиғи ресурстарды ғана емес, сондай-ақ мәдени және мәдени мұра ресурстарын пайдаланады. Бұл ұлылар мекеніне қазіргі цифрлік заманда көптеген туристердің назарын аудару әлдеқайда жеңілдеді. Маркетинг жоспарын жасау, әлеуметтік желілерді және басқа да жарнамалық өнімдерді пайдалану-мұның бәрі туризмді дамытуға көмектеседі.

1 қадам: Маркетингтік жоспар құру.

Ол үшін мақсатты маркетингтің сегменттерін анықтау керек. Туристерді қызықтыратын мақсатты жерлерді анықтау. Мысалы, Жидебай жеріне дейінгі сапарда табиғат құшағында демалу, тауларға серуендеу. Жол бойындағы табиғи ескерткіштермен танысу.

2 қадам: Жергілікті тұрғындар арасында сауалнама өткізу.

Сауалнама туристік тартымдылықты бағалаудағы маңызды құрал болып табылады. Оның көмегімен сіз жергілікті тұрғындардың туристік дамытуға деген көзқарасымен таныса аласыз. Сауалнаманы адамдармен бетпе-бет сөйлесу арқылы немесе телефон арқылы жүргізе аласыз. Сауалнама барысында келесі сұрақтар қамтылады:

1. Сіздің ойыңызша, келушілерде не қызықтырады?
2. Бұл мекен қандай қонақтарды қызықтыруы мүмкін?
3. Қонақтардың өткізетін уақытын жарқын ету үшін не істеуге болады?

3 қадам: Туристер арасында сауалнама жүргізу.

Туристермен сіз музейлерде немесе ескерткіштер маңында сөйлесе аласыз. Келесі сұрақтарды қойыңыз:

1. Сіз қайдан келдіңіз?
2. Сізді бұл мекен несімен қызықтырды?
3. Қызмет көрсету деңгейі сізді қызықтыра ма, ұсыныстарыңыз?

Бұл жерде болған туристердің немесе қазіргі уақытта келушілердің пікірі арқылы болашақта туристер санын қалай көбейтуге болатындығын түсінуге көмектеседі.

4 қадам: Жарнама өнімдерін дайындау.

Бұл футболқалар, бас киімдер, жапсырмалар немесе мекеннің символикасы бар жалаулар болуы мүмкін. Оларды танымал көрнекті орындардың жанында жергілікті сыйлық дүкенінде сатуға мүмкіндіктер бар.

5 қадам: Туристтік карта жасау.

Ұлылар мекеніндегі туризмді дамытудың тағы бір жолы-туристер үшін карта жасау және оларды Семей қаласының жергілікте дүкендерінде, мейрамханаларында беруге болады. Картада негізгі көрікті жерлерді, сондай-ақ туристер бара алатын іс-шараларды қысқаша сипаттауға болады.

6 қадам: Блог жүргізу.

Блог жүргізу қазіргі кездегі ең танымал жолдардың бірі. Twitter, Instagram және басқа да әлеуметтік желілерде аккаунт ашып, Twitter, Instagram, ВКонтакте және Одноклассники сияқты басқа әлеуметтік желілерде тарихи жерлер туралы насихаттаңыз. Сондай-ақ, хэштег жасай аласыз және оны Instagram-дағы әр жауаптың немесе хабарламаның соңына жиі қоя аласыз. Бұл пайдаланушылар арасындағы танымалдылығын бақылауға және одан да көп адамдарды тарту үшін хабарламаларыңызды жақсартуға көмектеседі.

7 қадам: YouTube каналын ашу.

Youtube-бұл сіздің қалаңызды жарнамалаудың және көбірек туристерді тартудың тағы бір керемет тәсілі. Каналды кәсіби түрде жасаңыз және бейне атауында оңай табуға болатын терминдерді қолданыңыз, мысалы, бейнеде сипатталған жерлер.

Ұлылар мекеніндегі туризмді дамыту барысында мынандай іс-шараларды іске асыру қажет:

Ұлылар мекеніне инвестициялар жасау;

Мектеп оқушыларын, студенттерді киелі жерге сапарға шығару;

Тарихи жерлерді таныстыру үшін арнайы гид дайындау;

Туристтік агенттіктерді көбейту;

Инфрақұрылымды дамытуды мемлекеттік қолдауды және орталық пен жергілікті атқарушы органдардың осы бағыттағы іс-қимылдарын үйлестіруді қамтамасыз ету.

Қорыта айтсам, мәдени орталыққа айналған хакімнің кіндік қаны тамған жер әлемнің түкпір-түкпірінен келетін туристерді лайықты қабылдай алатындығына сенімім мол.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қ.К. Тоқаев "Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан" мақаласы
2. Қ. Мұхаметханов. Ұлы ұстаз, қамқор аға // Абай. -2004. №2
3. Б.Исабаев "Ұлылар мекені"- Алматы қ., Дәуір, 2004, 112б
4. З.Ахметов, М.Мырзахметов, Р.Сыздықова, М.Құл-Мұхаммед "Абай энциклопедиясы" -Алматы қ., Атамұра, 252б